

# Курстық жұмыс

Тақырыбы:

***Бердібек Соқпақбаевтың  
шығармашылық тілі***

Орындаған: Н.А Хайрошева

Тексерген: Г.Н Тасқалиева

---

Орал, 2015ж.

# **Мазмұны**

## **Кіріспе**

### **1. БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ (1924–1991)**

#### **1.1 Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығы**

#### **1.2 Халқы сүйген қаламгер**

### **2. Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылық тілі**

#### **2.1 Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің атасы**

#### **2.2 Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары бойынша әдеби ойын**

#### **2.3 Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа»**

#### **Қорытынды**

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту. Ойлау қабілеттерін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Елжандылыққа тәрбиелеу.

**Зерттеу жұмысының міндеттері:** Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығын зерттеу.

**Зерттеу жұмысының құрылымы:** кіріспеден, екі бөлімнен және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.





**Белгілі жазушы Б.Соқпақбаев 1924 ж. 13 қазанда Алматы облысы, Нарынқол ауданы (қазіргі Райымбек ауданы) Қостөбе ауылында дүниеге келген. Осы жерде мектеп бітірген.**

**1949 ж. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып қызмет етті.**

**1952-1970 жылдар аралығында «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызметтер атқарды.**

---





**Бердібек Соқпақбаев** аса талантты қазақ жазушысы. Ұлттық әдебиетіміздің классигі. Жазушының «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» атты туындыларын білмейтін оқырман кемде-кем. «Менің атым – Қожа» повесіне түсірілген көркем фильм де көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп келеді. Бұл, сөзсіз, қаламгер туындысының құдіреті. Көрермен қауым осы фильмді көрген сайын балалық шақтарына саяхат жасап қайтқандай болады.

---





**Жазушы С.Шаймерденов: «...Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден-бекер шимайламайтын еді ғой.» Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібектің үлгісі деп тартынбай-ақ айтуға әбден болады.**

**Жазушы Т.Ахтанов: «... Бердібек не нәрсені жазуды, оны қалай жазуды еркін игеріп, меңгерген суреткер жазушы». Баршаңызды рухани азығымыз – көркем әдебиетті көп оқуға шақырамын.**



# ПРАКТИКА БӨЛІМІ

---

Мен курстық жұмысымның  
тақырыбына байланысты  
машық кезінде 6 - шы  
сыныпқа өткізген Б.  
Соқпақбаевтың «Менің атым  
Қожа» атты сабағымды  
ұсынып отырмын

## **Сабақтың тақырыбы: Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа»**

### **Сабақтың мақсаты:**

#### **Білімділік:**

- \*Оқушыларға мәтіннің мазмұнын баяндай отырып, мәтіндегі негізгі ойды, идеяны ұғындыру;
- \*Мәнерлеп оқу дағдыларын, қызығушылығын арттыру;
- \*Ойларын, пікірлерін еркін айтуға, өз көзқарастарын дәлелдей білуге үйрету.

#### **Дамытушылық:**

- \*Жазушы шығармалары арқылы әр оқушыны өзіндік ой – қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түюге баулу;
- \*Мәтінмен жұмыс істеу, көркем шығармаға әдеби талдау дағдыларын дамыту;
- \*Ғылыми жұмысқа бейімдеу, ізденуге талпындыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

#### **Тәрбиелік:**

- \*Қожа бейнесі арқылы, оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдебиетті сүйуге, үлгі-өнеге алуға шақыру; \*Жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Шығармашылық сабақ

**Сабақтың типі:** Бекіту сабағы

**Сабақтың әдісі:** Жүйелеу, талдау, қайталау

**Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивті тақта, Б.Соқпақбаевтың “Менің атым Қожа” кітабы, Еркін Рахышевтің “Менің де атым Қожа” фильмінен үзінді, слайд арқылы кесте, тірек сызба, суреттер, веен диаграммасы.



## **САБАҚТЫҢ ӨТІЛУ ЖОСПАРЫ:**

1. МЫНАУ КІМ?
2. ОҚИҒАЛАР ТІЗБЕГІ
3. ТЕРІП АЛУ СТРАТЕГИЯСЫ
4. ОЙ ТАСТАУ
5. ӨЗ-ӨЗІҢЕ ЕСЕП БЕР!

### **САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:**

#### **1. ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ**

А) ОҚУШЫЛАРДЫ ТҮГЕНДЕУ;

Ә) ОҚУШЫ МЕН СЫНЫПТЫҢ САБАҚҚА ДАЙЫНДЫҒЫН БАҚЫЛАУ;

Б) ОҚУШЫЛАРДЫ САБАҚҚА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ, ОЙЛАРЫН БІР ОРТАҒА ТОПТАУ МАҚСАТЫНДА ОЙ ТАСТАУ;

#### **2. ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН СҰРАУ (ТАРАУЛАР БОЙЫНША МАЗМҰНДАТУ)**

АВТОР, ТАҚЫРЫП АЯСЫНДА СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР БЕРУ:

##### **1. БЕРДІБЕК СОКПАҚБАЕВ КІМ? ОЛ ҚАНДАЙ ЖАЗУШЫ?**

“... АЛЫСТАН АРБАЛАП МАТЕРИАЛ ТАСЫМАЙМЫН, АРХИВТІҢ ШАҢЫН ЖҰТПАЙМЫН. ЖАҚЫННАН ӨЗ БАСЫМНАН КЕШКЕНДІ, ӨЗІМ БАЙҚАП-ТҮЙГЕНДЕРІМДІ, ӨЗ АЙНАЛАМДЫ ДОРБАЛАП ЖИНАЙМЫН. БІР СӨЗБЕН АЙТСАМ, ӨЗІН ЖАЗАТЫН ЖАЗУШЫМЫН. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚОЖА ӨЗГЕ ЕМЕС, МЕНІҢ ӨЗІМЕ ҰҚСАЙДЫ.”

##### **2. ЖАЗУШЫНЫҢ ҚАНДАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ БАР?**

- «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» («ӨЗІМ ТУРАЛЫ ПОВЕСТЬ»), «ЖЕКПЕ-ЖЕК», ҚАЙДАСЫҢ, ГАУХАР?», «ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ», «АЯЖАН», «БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ», «16 ЖАСАР ЧЕМПИОН», «АЛЫСТАҒЫ АУЫЛДА» Т.Б.

### 3. Жаңа сабақты меңгерту

Балалар, сендер «Менің атым Қожа» фильмін көрдіңдер ғой, иә. Ендеше, мен сендерге жаңа сабақтың тақырыбын анықтау мақсатында бүгінгі өтілетін тараудан үзінділер айта отырып ой тастайын.

«Мен өзімнің он үш жыл өмірімнің ішіндегі ең бір қатыгез күнді бастан кештім».

- Қожа бұл сәтті қашан бастан кешіріп еді?

- Қожаның тәртіпсіздік қылықтарын, әсіресе соңғы жасаған ағаттығын , яғни

Майқанованың сөмкесіне бақа әкеп салған әрекетін талқылау мақсатында болып жатқан педкеңесте.

- Дұрыс, айтасындар. Қожа қанша тәртіпсіздік істесе де, мұғалімдер оны кешіріп келген еді, иә. Осы жолғы кеңес ұзаққа созылды. Осы кезде Қожа өз мәселесінің шешілу қорытындысы, талқылану процесі жайлы өзінше ой қорытып отырды. Кеңес те аяқталды.

«Мен туралы не деп жатыр?» екен деп дегбірі қашқан Қожа бұл кезде қайда отыр еді?

- Мектеп терезесінің тұсында тұрған теректің үстінде отыр еді.

...Педкеңес аяқталды, жұрт тарай бастады. Ахметов пен Майқанова оқшауланып, Қожа тұрған теректің түбінен өтіп бара жатып не дейді?

- «Түбінде адам болатын бала»

- Өте дұрыс. Біз жаңа сабақтың мазмұнын бірлесе айта отырып, тақырыпты да анықтап алдық.

- Өздерің көрген кино соңында осы сөзден Қожа қорытынды шығара ма?

- Иә, қорытынды шығарғаны соншалық, ол өзіне құпия кеңес өткізіп, онда өз жасаған қателіктері, оны түзету және болдырмау үшін не жасау керектігі туралы қаулы шығарады. Сонымен, балалар, біз Бердібек Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесімен танысып шықтық. Енді сабақты қаншалықты меңгергенімізді байқау үшін өтілген барлық тараулар бойынша бірнеше тапсырмалар орындап көрейік.



## Мынау кім?

1. Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап – сыпсыңдағыш кім? (Жантас)
2. Мен оқулық емес, қант аламын. Сіздің не шаруаңыз бар, қоя беріңіз. (С. Майқанова)
3. Біз екеуміз таныс шығармыз деймін? (С. Майқанова)
4. Мүмкін орныға барып айтатын шығарсың? (С.Майқанова)
5. Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. Менің мойнымда оның тиыны емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. (Мектеп күзетшісі Сәйбек қарт)
6. Келесі сабаққа қайыссың бақа ұстап әкелесіңдер? (Зоология пәнінің мұғалімі Оспанов)
7. “Сен оқуды тастасаң, маған ілесіп тастады деп екеуімізді бірдей қудалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бірі болып шығарсың. Сонда маған шапағатың тиер.” (Сұлтан)

## **“Теріп алу” стратегиясы (Дәптермен жұмыс)**

алғыр, пысық, өтірікші, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, қу,  
зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, әділетті, ақын, әзілқой, арамза,  
тапқыр, қателіктерін түсіне біледі, жағымсыз

Қожа – алғыр, пысық, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, әділетті,  
ақын, әзілқой, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі.

Жантас – өтірікші, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, арамза,  
жағымпаз

## **Қожаның жағымды жақтары (Тақтамен жұмыс)**

Өз ісіне есеп бере алады

Жағымсыз іс-әрекеттерін жөндеуге талаптанады

Өз-өзін тәрбиелейді

Үлкенді сыйлайды

## **Қожаның жағымсыз жақтары**

Тәртіпсіз

Аңқау

Өтірікші

Сотқар



## **Ой тастау**

Қалай ойлайсыздар, әдепті жолға түсуіне не себепкер?

Анасын аяуы ма, Сәйбек қарт, Оспановтар айтқан естеліктер ме, Майқанованың педкеңестен шығып бара жатып айтқан сөзі ме?

Өз-өзіңе есеп бер!

## **Үй тапсырмасын беру**

Абдолла Қарсақбаевтың “Менің атым Қожа” фильмі мен Еркін Рахышевтің “Менің де атым Қожа” фильмін салыстырып, ұқсастықтарын тауып жазып келу.

“Менің қиялымдағы Қожа...” эссе жазып келу

Бағалау

Қорытынды

# Қорытынды

---

**Артында өшпес мұралар қалдырған аса биік дарын, қазақ балалар әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаев көзі тірісіндегідей ұстаздығынан жазбай, рухани тірлігін жалғастыра беретіні хақ.**



---

**Назарларыңызға рахмет!**